ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СИЫР ЕТІ
Техникалық шарттар

ГОВЯДИНА
Технические условия

ҚР СТ 1759-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СИЫР ЕТІ

Техникалық шарттар

ҚР СТ 1759-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғы сөз

1 Қазақ Ұлттық аграрлық университеті **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің техникалық реттеу және метрология Комитетінің 2008 жылғы 19 қыркүйектегі №479-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3 Бұл стандарт төмендегі бөлімдерде ЕЭК/БҰҰ TRADE/WP.7/GE.11/12 Нью-Йорк, Женева, 2004 «Сиыр еті – ұшалар мен мүшелері» стандартына сай:

- терминдер (3.1 – 3.8; 3.11 – 3.14);
- жіктелу (4.2-4.4);
- мүшелеуге қойылатын талаптар (5.2.3 – 5.2.9);
- шикізатқа қойылатын талап (5.3.3);
- буып-түюге қойылатын талаптар (5.5);
- етті тасымалдау және сақтауға жарамды құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар (9.2);
- ет және ет өнімдерінен сынамаларды іріктеу және дайындау - ИСО 3100-1-91;
- ылғалдылықты анықтау - ИСО 1442:1997;
- жалпы майды анықтау - ИСО 1443:1976;
- 30 °С температурада аэробты микроағзалардың санын анықтау (арбитраждық әдіс) – ИСО 2293:1976 сай келеді.

ЕЭК/БҰҰ және халықаралық стандарттарына сай талаптар мәтіннің ішінде көлбеу жазумен көрсетілген.

4 Бұл стандартта Қазақстан Республикасының «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы», «Жеке кәсіпкерлік туралы», «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы», «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауатталығы туралы», «Қазақстан Республикасының патент заңы», «Тауарлық белгілер, қызмет көрсету мен тауарлардың шыққан жерінің атаулары туралы», «Ветеринария туралы», «Техникалық реттеу туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарының нормалары іске асырылды.

5 АЛҒАШҚЫ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2013 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН

Осы стандарт Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде жартылай немесе толық басылып, көбейтіліп, тираждалып және таратылуға тыйым салынады.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Жіктелуі	3
5	Техникалық талаптар	4
6	Қауіпсіздік талаптары	17
7	Қабылдау ережелері	17
8	Бақылау әдістері	18
9	Тасымалдау және сақтау	19
10	Дайындаушының кепілдемесі	20
	Қосымша (анықтамалық). Библиография	21

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СИЫР ЕТІ

Техникалық талаптар

Енгізілген күні 2009-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт саудаға сатуға, қоғамдық тамақтану жүйесінде пайдалануға, өнеркәсіптік өңдеуге арналған ірі қара малдың жас, суыған, салқындатылған, мұздатылған, қатырылған ұшасы, жартылай ұшасы, ширек ұшасы және мүшелеріне (бұдан әрі – сиыр еті) таралады.

Осы стандарт сиыр етінің сапасына, өңделуіне, жіктелуіне, сипаттамасына, шикізатқа, таңбалануына, буып-түйілуіне, қабылдауына, бақылауына, тасымалдануына және сақталуына қойылатын талаптарды бекітеді.

Стандарттың адам өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптары 5.2.10, 5.3.3 тармақшаларында және 8 бөлімде көрсетілген.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР СТ 1.9-2007 Стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу саласында халықаралық, аймақтық және ұлттық стандарттар мен нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1.60-2006 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Өнімді өткізу барысында сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Негізгі ережелер.

ҚР СТ 2.4-2007 ҚР МӨЖ. Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 ҚР МӨЖ. Өлшеу құралдары типтеріне сынақ жүргізу және бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 ҚР МӨЖ. Өлшеу құралдарын метрологиялық аттестаттаудан өткізу тәртібі.

ҚР СТ 1010-2002 Тағам өнімдері. Тұтынушыға арналған ақпарат. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 1081-2002 Тағам өнімдерінің рецептурасын және технологиялық нұсқаулар жасау тәртібі. Негізгі ережелер.

ҚР СТ 1406-2005 Буып-түю. Таңбалау белгілері.

ҚР СТ 1484-2007 Ет және ет өнімдері. Ылғалдылықтың салмақтық үлесін анықтау әдістері.

ҚР СТ 1485-2007 Ет және ет өнімдері. Майдың салмақтық үлесін анықтау әдістері.

ҚР СТ 1728-2007 Ет және ет өнімдері. Буып-түю, таңбалау, тасымалдау және сақтау.

ҚР СТ 1729-2007 Ет және ет өнімдері. Қабылдау ережелері және сынау әдістері.

ҚР СТ 1730-2007 Ет және ет өнімдері. Жалпы техникалық талаптар.

ҚР СТ 1731-2007 Ет және ет өнімдері. Сапа көрсеткіштерін анықтаудың органолептикалық әдістері.

Ресми басылым

ГОСТ 8.579-2002 Өлшеу біркелкілігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Тауарды өндіру, қаптау, сату және импорттауда қаптаманың кез-келген түрімен буып-түйілген тауар санына қойылатын талаптар.

ГОСТ 7269-79 Ет. Сынамалар іріктеу әдістері және балғындығын анықтаудың органолептикалық әдістері

ГОСТ 9794-74 Ет өнімдері. Жалпы фосфордың құрамын анықтау әдістері.

ГОСТ 10444.15-94 Тағам өнімдері. Мезофильді-аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалар санын анықтау әдістері.

ГОСТ 14192-96 Жүк таңбалау.

ГОСТ 16020-70 Союға арналған мал. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 18157-88 Сойылған малдан алынатын өнімдер. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 19496-93 Ет. Гистологиялық зерттеу әдістері.

ГОСТ 21237-75 Ет. Бактериологиялық талдау әдістері.

ГОСТ 23042-86 Ет және ет өнімдері. Майды анықтау әдістері.

ГОСТ 23392-78 Ет. Балғындығын анықтаудың химиялық және микроскопиялық талдау әдістері.

ГОСТ 25011-81 Ет және ет өнімдері. Ақуызды анықтау әдістері.

ГОСТ 26670-91 Тағам өнімдері. Микроағзаларды өсіру әдістері.

ГОСТ 26927-86 Шикізат және тағам өнімдері. Сынапты анықтау әдістері.

ГОСТ 26929-94 Шикізат және тағам өнімдері. Сынамаларды дайындау. Уытты элементтердің құрамын анықтау үшін минералдау.

ГОСТ 26930-86 Шикізат және тағам өнімдері. Күшәнді анықтау әдістері.

ГОСТ 26932-86 Шикізат және тағам өнімдері. Қорғасынды анықтау әдістері.

ГОСТ 26933-86 Шикізат және тағам өнімдері. Кадмийді анықтау әдістері.

ГОСТ 28498-96 Сұйықты шыны термометрлер. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.

ГОСТ 29329-92 Статикалық өлшеуге арналған таразылар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 30518-97 Тағам өнімдері. Ішек таяқшалары тобының бактерияларын (колиформды бактериялар) табу және санын анықтау әдістері.

ГОСТ 30519-97 Тағам өнімдері. Salmonella текті бактерияларды анықтау әдістері.

ГОСТ Р 50455-92* Ет және ет өнімдері. Сальмонеллаларды табу (арбитражды әдіс).

ГОСТ Р 50474-93* Тағам өнімдері. Тағам өнімдері. Ішек таяқшалары тобының бактерияларын (колиформды бактериялар) табу және санын анықтау әдістері.

ГОСТ Р 51448-99* Ет және ет өнімдері. Микробиологиялық зерттеу жүргізу үшін сынама дайындау әдістері.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта [1], ГОСТ 16020, ГОСТ 18157 бойынша, сонымен қатар [2] сәйкес келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

3.1 Сойыс малы: *Союға арналған ауыл шаруашылық немесе кәсіпшілік мал.*

3.2 Сойылған малдың тағамдық өнімі: *Сойылған малды өңдеу нәтижесінде алынған тағам өнімі.*

Е с к е р т у – Тағамдық сойыс өніміне тағамдық мақсатта пайдалануға жарамды деп танылған ет, ішкі мүшелер, май, қан, сүйек, ішек-қарын жатады.

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

3.3 ***Ет:*** *Бұлшық ет, май, дәнекер және сүйек ұлпаларының жиынтығы болып табылатын немесе сүйексіз ұша бөлігі, не болмаса ұшадан тұратын тағамдық сойыс өнімі.*

3.4 ***Сиыр еті:*** *Жынысына байланыссыз, 8 ай және одан үлкен жас аралығындағы ірі қараны сойып, өңдеу нәтижесінде алынған ет.*

3.5 ***Ұша:*** *Малды сойғаннан кейін терісі сыпырылып, қаны толық ағызылып, ішкі мүшелері мен іш майы алынған ет пен сүйектен тұратын сойыстық тағам өнімі.*

3.6 ***Жартылай ұша:*** *Ұшаның омыртқа жотасының бойымен екіге бөліп алынған бөлігі.*

3.7 ***Ширек ұша:*** *Мүшелеудің бекітілген сызбасы бойынша жартылай ұшаны көлденеңінен екіге бөліп алынған бөлігі.*

3.8 ***Мүше:*** *Бүтін, жартылай немесе ширек ұшаны мүшелеудің бекітілген сызбасына сәйкес бөлінген және әрқайсысының белгілі бір атауы бар бөлігі.*

3.9 Жас ет: Тікелей сойғаннан кейін, ұшаны немесе жартылай ұшаны өңдеуден соң алынған, бұлшық ет қабатының температурасы 35 ^{0}С - ден төмен емес ет.

3.10 Суыған ет: Тікелей сойғаннан кейін, ұшаны немесе жартылай ұшаны өңдеуден соң алынған, бұлшық ет қабатының температурасы 12 ^{0}С - ден төмен емес, бетінде кебіңкіреген қатпары бар ет.

3.11 ***Салқындатылған ет:*** *Бүкіл салқындату уақыты бойына бұлшық еттерінің қабатындағы температурасы минус 1,5 ^{0}С- ден төмен емес, 7 ºС - ден аспайтын ет;*

3.12 ***Мұздатылған ет:*** *Бүкіл мұздату уақытынан кейін бұлшық еттерінің қабатындағы температурасы минус 12 ºС - ден аспайтын және минус 18 ºС төмен емес ет.*

3.13 ***Модификацияланған атмосфера:*** *Ауаның тек бір ғана құрамдас бөлігі бар атмосфера.*

4 Жіктелуі

4.1 Сиыр еті сойылған малдың жасына байланысты:

- сақа мал еті – 3 жастан асқан сиыр, бұқа, өгіз және құнажыннан алынған;
- жас мал еті – 8 айдан 3 жасқа дейінгі бұқашық, піштірілген бұқашық, қашардан алынған;

4.2 Сиыр етін қоңдылығына байланысты:

- бірінші санат;

- екінші санат;

4.3 Сиыр етін термикалық күйіне байланысты:

- жас;
- суыған;
- *салқындатылған;*
- *мұздатылған;*
- *қатты қатырылған;*

4.4 Сиыр етін мүшелеу тәсіліне байланысты:

- ұша;

- жартылай ұша;

- ширек ұша;

- мүше деп жіктеледі.

5 Техникалық талаптар

5.1 Сиыр етін белгілі тәртіппен бекітілген санитарлық және ветеринарлық ережелердің, сонымен қатар [1], [3] және [4] талаптарын сақтай отырып, ҚР СТ 1081 талаптарына сәйкес әзірленген технологиялық нұсқаулар бойынша өңдейді.

Ұша, жартылай ұша, ширек ұша, мүше түріндегі сиыр еті осы стандарт талаптарына сай болуы тиіс.

Сиыр еті жалпы техникалық талаптары бойынша ҚР СТ 1730 сәйкес болуы тиіс.

5.2 Сиыр етінің сипаттамасы

5.2.1 Сақа ірі қара еті қондылығына байланысты 1 кестеде көрсетілгендей екі санатқа бөлінеді.

1 – К е с т е Сақа ірі қара ұшасының қондылығына байланысты санаттары

Санат	Ұшалар сипаттамасы (ең төменгі талаптар)
Сиыр, өгіз, қашар	
Бірінші	Бұлшық еттері қанағаттанарлықтай дамыған, арқа және бел омыртқаларының тіреу өскіндері, шонданай төмпесі, сербектері қатты шығыңқы емес; тері асты майы 8-ші қабырғадан бастап шонданай төмпесіне дейін ұша бетін жауып жатады, айтарлықтай саңылаулар рұқсат етіледі; мойны, жауырыны, алдыңғы қабырғалары, жамбас қуысы және шап бөлігінде аздаған май жиындылары бар.
Екінші	Бұлшық еттері қанағаттанарлықсыз дамыған (сандарында ойықтар бар), омыртқалардың тіреу өскіндері, шонданай төмпесі және сербектері айқын көрініп тұрады; тері асты майы шонданай төмпесі, белі және соңғы қабырғалары аумағында кішкене бөліктер түрінде аздап жиналған.
Бұқа	
Бірінші	Бұлшық еттері жақсы дамыған, жауырын-мойын және жамбас бөліктері шығыңқы, омыртқалардың тіреу өскіндері көрінбейді.
Екінші	Бұлшық еттері қанағаттанарлықтай дамыған, жауырын-мойын және жамбас бөліктерінің толымдылығы жеткіліксіз, жауырындары мен сербектері шығыңқы

5.2.2 Ұшалар мен мүшелер төмендегі талаптарға сай болуы тиіс:

- *бүтін, тауарлық түрін есепке алғанда;*
- *көзге көрінетін қанталаған тұстары жоқ және сүйек қалдықтарынсыз; көзге көрінетін бөгде заттарсыз (мысалы: кірлену, ағаш, металл бөлшектері);*
- *бөгде иіссіз;*
- *жайылып кеткен қан дақтарысыз;*
- *нақты белгіленбеген, сынған немесе шошайған сүйектерсіз;*
- *өнімге физикалық әсер ететін ұрылуларсыз;*
- *мұздату әсерінен үсік шалмаған;*
- *жұлынсыз (бүтін ұшалардан басқа).*

5.2.3 Сиыр етін ұша, тігінен бөлінген жартылай ұша, тіліндісіз (ішкі белдемемықын бұлшық еті) ширек ұша немесе мүшелер түрінде шығарады.

5.2.4 Ұшаны жартылай ұшаға бөлу үшін омыртқа бағанының бойымен екіге бөледі. Көк етін және бүйрегін қалдырады немесе алып тастайды. Бүйрек майын не жартылай қалдырады, не толық алып тастайды.

5.2.5 Ширек ұша алу үшін жартылай ұшаны белгіленген қабырға бойымен омыртқа жотасына тік бұрыш құра отырып шабының құрсақ бөлігінен кесу жолымен алдыңғы және артқы ширектерге бөледі. Мүшедегі қабырғалар саны 10-нан аспау керек. Көк етін және бүйрегін қалдырады немесе алып тастайды. Бүйрек майын қалдырады, не толық алып тастайды.

5.2.6 Мүшелерді алу үшін ширек ұшаны 2 кестедегі сызба бойынша бөледі.

5.2.7 Жіліктерді мүшелеу, еттеу және сіңірлі мүшелердің тауарлық түрін және бүтіндігін сақтап, еттің бұлшық ет ұлпаларының тілініп кетуіне жол бермес үшін аса ептілікпен жүзеге асырылады. Еттің беткі қабатынан шашақтарын алып тастайды. Мүшелер табиғи тұтасқан сызықтар бойынша, бұтарлану жағдайларын есепке алмағанда, барлық көлденең кесінділер тері қабатына шамамен тік бұрыш құрып шабылады. Бір мүшеде көршілес мүшенің ет, май, сүйек қалдықтарының ең аз мөлшері болуы мүмкін. Сүйексіз шабындыларда барлық сүйектері, шандырлары және беткі қабатындағы көрінетін лимфа түйіндері алынып тасталады.

5.2.8 Сиыр етінің сүйекті және сүйексіз мүшелерінің атаулары мен бөліну шекаралары 2 кестеде көрсетілген.

2 – К е с т е Сиыр етінің бөлінетін мүшелерінің атаулары мен бөліну шекаралары

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
Тапаншалық жілік	*Шап терісінің жұқа бөлігі, қабырғаларының бүйір бөліктері және төс бөлігін алып тастау жолымен артқы ширектен алынады. Кесінді шаптың беткі лимфа түйіндерінен басталады, одан кейін rectus abdominus бұлшық етін (тік құрсақ көк еті) бөксе долбары бойымен бөліп алынады, ары қарай кесіндіні омыртқаларға параллель бойымен longissimus dorsi (арқаның ең ұзын бұлшық еті) бұлшық етінен шамамен 50 мм қашықтықта белгіленген қабырғаға дейін жүргізеді. Жіліктегі қабырғалар саны (0-10). Көк етін қалдырады немесе алып тастайды. Бүйрегін қалдырады немесе алып тастайды. Бүйрек майын қалдырады немесе алып тастайды.*
Ұршықсанды жілік	*Артқы ширектен алынады. Алдын ала бел омыртқаларының құрсақ бетінен және қасаға сүйегінің қапталынан бір кесек тіліндіні алып тастайды. Жілікті бел омыртқасы мен сегізгөз омыртқаларының байланысқан жерінен бастап, ұршықсан төбесіне краниальды («бас жақта») өтіп шаптың құрсақ бөлігіне қарай тілу арқылы бөліп алады.*

3 – К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
Құйымшақты ет бөлігі	*Артқы ширектен алынады. Кесуді қасаға сүйегінің астында орналасқан лимфа түйінінен бастап, ұршық буынға тура краниальды жүргізіп, құйымшақтың лимфа түйініне дейін жеткізеді. Беттіндегі құрсақ лимфа түйінін және қасаға сүйегінің астында орналасқан лимфа түйінін қалдырады немесе алып тастайды.*
Үстіңгі бөліксіз ұршықсанды жілік (мықын)	*Артқы ширектен алынады. Кесуді соңғы құйымшақ пен бірінші құйрық омыртқаларының байланысқан жерінен бастап, ортан жіліктің төмпешігін кеспей, бас жағын жалаңаштайды. Мүшеде екіден көп омыртқа қалмауы тиіс. Беттіндегі құрсақ лимфа түйінін және қасаға сүйегінің астында орналасқан лимфа түйінін қалдырады немесе алып тастайды.*
Жіліншіксіз құйымшақ бөлігі	*Құйымшақты ет бөлігінен үлкен асықты жілік (тізе буынынан) пен торсақ сүйегін (кезеген басынан басқа), gastrocnemius бұлшық етін (кезеген бұлшық етін), қасық тарамысы мен бүгілдіргіш бұлшық еттер тобынан басқа, тұтасу сызығы бойымен жазылдырғыш бұлшық еттер тобын алып тастау жолымен алынады. Беттіндегі құрсақ лимфа түйінін және қасаға сүйегінің астында орналасқан лимфа түйінін қалдырады немесе алып тастайды.*
Тікбұрыш жасап мүшеленген құйымшақ бөлігі	*Сүйексіз құйымшақты ет бөлігінен тобық буынының бойымен негізіне қарай параллель тіліп, үлкен асықты жілік пен торсақ сүйегін және оларды қаптаған еттің үлпасын алып тастау жолымен алынады.*
Мықын мен белдік	*Артқы ширектен құйымшақ бөлігін алып тастау жолымен алады. Шап терісінің жұқа бөлігі ұршықсан төбесіне краниальды орналасқан нүктеден бастап, longissimus dorsi (арқаның ең ұзын бұлшық еті) бұлшық етінен шамамен 75 мм қашықтықта, белгіленген қабырға тұсындағы омыртқаға параллель алынады. Қабырғалар саны (0-6) Көк етін қалдырады немесе алып тастайды. Бүйрегі мен бүйрек майын қалдырады немесе алып тастайды.*
Қысқа белдік	*Артқы ширектен ұршықсанды төмпешіктерге краниальды орналасқан бел және сегізкөз омыртқаларының қосылған жерінен басталып шаптың құрсақ көк еті бөлігіне баратын жерден сұрыптық мүше алады. Шап терісінің жұқа бөлігі, ұршықсанды төмпешіктерге краниальды орналасқан нүктеден бастап longissimus dorsi (арқаның ең ұзын бұлшық еті) бұлшық етінен шамамен 50-75 мм қашықтықта, белгіленген қабырға тұсындағы омыртқаға параллель*

3 – К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
	алынады. *Қабырғалар саны (0-3).* *Көк етін қалдырады немесе алып тастайды.* *Бүйрегін қалдырады немесе алып тастайды.* *Бүйрек майын қалдырады немесе алып тастайды.*
Төстік	*Бірінші қабырға мен төстің бірінші сегментінің қосылған жерінен басталып 11-қабырға тұсынан 13-қабырғаға дейін созылып, көк еттің бүгілген бөлігі арқылы өтіп 13 қабырғалық алдыңғы ширектен сұрыптық мүше алынады.* *Қабырғалар саны (10-13)* *Көк етін қалдырады немесе алып тастайды.*
Сиыр төстігінің алдыңғы бөлігі	*13 қабырғалық төстіктен алады. Төстік бөлігі және онда орналасқан бұлшық еттер мүше болып алынады. Мүше бірінші төс сегментінен басталып, қабырғалық шеміршек арқылы, жетінші қабырға шеміршегімен қоса өтеді де төстікті және онда орналасқан төс бұлшық еттерін алып тастау жолымен алынады.* *Мүшені алу қабырғалық шеміршектің құрсақтық долбары арқылы алдыңғы ширектің 7 - 13 – қабырғалық тұсына дейін өтіп, шыршығының (transversus abdominus бұлшық ет) сүйексіз құрсақ бөлігі мен онымен байланысқан бұлшық еттерін алып тастау жолымен жүргізіледі. Сиыр төстігінің алдыңғы бөлігі таңдау бойынша келесі қабырғалардан тұрады: 4-13-қабырға немесе 1-10 қабырғаны қоса.*
Төстік қыры (төстік)	*Төс қырын (төстік) және онда орналасқан бұлшық еттер төстіктен төстің бірінші сегментінен басталып, қабырғалық шеміршек арқылы және соның бойымен 7-қабырғаны қоса қамти отырып, мүше болып бөлінеді. Бұл бөлік төстік шетінен сәйкес бұлшық етпен бір кесек болып бөлінеді. (Негізгі бұлшық еттер: pectoralis superficialisis, pectoralis profundus, M. rectus thoracis).* *Transversus thoracis бұлшық етін қалдырады немесе алып тастайды.*
Шыршық	*Төстіктен алдыңғы ширектің 7-ден 13-қабырғасына дейінгі қабырғалық шеміршектің құрсақтық долбары бойымен шыршықтың сүйексіз құрсақ бөлігін ажырата отырып, бөлу арқылы мүше алады. Негізгі бұлшық еттер: transversus abdominus и rectus abdominus. Құрсақ шандырының ақ талшықты ұлпа жиектерін (linea alba) алып тастайды.* *Құрсақ көк етін қалдырады немесе алып тастайды.*
Тікбұрыштап бөлінген жауырындық бөлігі	*Алдыңғы ширектен төстігі мен дайындалған қабырғалық бөлімін бөлгеннен кейін алады. Мойын бөлігі алдыңғы ширектен 1-қабырғаға краниальды және оған параллель, әрі 7-ші мойын және 1-ші төс омыртқаларының байланысқан*

3 – К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
	жері арқылы өтіп, сұрыптық мүше түрінде бөлінеді. Тік бұрыштап бөлінген жауырындық бөлігі 4-6 қабырғадан тұрады, ал құрсақ көк етіндегі кесу сызығы арқаның ең ұзын бұлшық етінен (1ongissimus dorsi) 75 мм қашықтықта және бірінші қабырға тұсында омыртқа жотасына параллель өтеді. Дорсальды («арқаға қарай») орналасқан май жиналымдары борпылдақ бұлшық ет ұлпасымен бірге алынады. *Қабырғалар саны (4-6).* *Subscapularis бұлшық етін қалдырады немесе алып тастайды.* *Желке тарамысын (ligamentum nuchae) қалдырады немесе алып тастайды.*
Мойын бөлігі (мойын)	*Алдыңғы шректен бірінші қабырғаға параллель және краниальды өтіп, әрі 7-ші мойын және 1-ші төс омыртқаларының қосылған жері арқылы өтіп, сұрыптық мүше болып бөлінеді* *Желке тарамысын (ligamentum nuchae) қалдырады немесе алып тастайды.*
Дайындалған қабырғалық бөлім	*Алдыңғы шректен төстігі мен тік бұрыштап бөлінген жауырын бөлімін ажыратқаннан кейін алады. Төстің қабырғалық қыры longissimus dorsi (арқаның ең ұзын бұлшық еті) бұлшық етінен 75 мм қашықтықта, белдіктің (каудальды – «құйрық жағынан») артқы жағынан 6-қабырғаның тұсындағы омыртқа жотасына параллель (краниальды) бөлінеді. Дайындалған қабырғалық бөлікте омыртқаларды (жота қырындағы) сүйек етін жалаңаштай отырып алып тастайды, бірақ тіреу өскіндері (қауырсын тектес сүйек) бөлінбейді.* *Қабырғалар саны (4-9).* *Тіреу өскіндерін қалдырады немесе алып тастайды.* *Жауырын және жақын жерде орналасқан шеміршек ұштарын қалдырады немесе алып тастайды.* *Трапеция тәрізді бұлшық етін қалдырады немесе алып тастайды (trapezius).* *Желке тарамысын (ligamentum nuchae) қалдырады немесе алып тастайды.*
Төстіктің қабырғалық қыры	*Алдыңғы шректен төстігі, дайындалған қабырғалық бөлігі және тікбұрыштап бөлінген жауырындық бөлігі алынғаннан кейін қалатын мүше. Төстіктің қабырғалық қырының бөліну сызығы арқаның ең ұзын бұлшық етінен (өзегінен) шамамен 75 мм қашықтықта омыртқа жотасына параллель өтеді. Егер басқа әрекет тәсілдері көрсетілмеген болса, бетіндегі фасция (cutaneus trunci, «тығыз дәнекер ұлпасынан тұратын бұлшық ет қабы») алынып тасталады.*

3 – К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
	Қабырғалар саны (1-9). *Беттіндегі фасция (cutaneus trunci) қалдырылады немесе алып тасталады.* *Арқаның ең ұзын бұлшық етін қалдырады немесе алып тастайды.* *Сыртқы май қабатын қалдырады немесе алып тастайды.* *Көк етін қалдырады немесе алып тастайды.*
Үстіңгі беттіндегі етсіз қабырғалар	*Алдыңғы ширектен алынады, және қабырғалық сүйектен және сүйек аралық бұлшық еттерден тұрады. Үстіңгі беттіндегі етсіз қабырғаларды кеуде қуысының кез-келген бөлігінен алуға болады.*
Алдыңғы / артқы ширектің жіліншігі	*Алдыңғы / артқы сирақтарынан алынады (жазылдырғыш / бүгілдіргіш бұлшық еттер тобы). Алдыңғы сирағы төстіктің алдыңғы ширектен бөліну сызығы бойымен triceps және biceps brachii бұлшық еттері арқылы өтіп, мүшеге кәрі жілік пен шынтақ жілігі және оларда орналасқан бұлшық еттер де кіретіндей етіп, дистальды («төмендегі жақ, бел ортадан төмен») шет арқылы тоқпақ жілігіне қарай шабылады. Артқы сирағы тізе буынынан шабылады, бірақ, үлкен ортан жілігі мен толарсақ сүйектері және оларда орналасқан жазылдырғыш / бүгілдіргіш бұлшық еттер тобы алынып тасталады.* *Emti бөлу кезеңінде алдыңғы ширектің шынтағы (шынтақ өскіншесі) мен алдыңғы тізе буыны бөліп алынады.* *Emti бөлу кезеңінде tarsus пен артқы ширектің тізе буыны алынып тасталады.*
Бөксенің ішкі бөлімі	*Ішкі бөлімі ортан жілікке каудальды және медиальды («ортаға жақын») орналасқан, os сохае (құйымшақ сүйегіне) бекітілген, оның үстіне ол шап терісінің қалың бөлігі мен жамбастың табиғи тұтасқан сызығы бойымен бөлінеді. Жыныс мүшесінің негізі, талшықты ұлпа және шаптың лимфа түйіні, сонымен қатар оның айналасындағы май алынып тасталады.* *Эректор-бұлшық еті алынады немесе қалдырылады.* *Дәнекер ұлпасы алынады немесе қалдырылады.* *Жамбас қан тамырлары алынады немесе қалдырылады.*
Төбесіз ішкі бөлімі	*Төбесіз ішкі бөлімін ішкі бөліктен gracilis бұлшық етін табиғи тұтасу сызығы бойымен бөлу жолымен алады. Май жиындылары толығымен алынып тасталады.* *Pectineus және (немесе) sartorius бұлшық еттерін қалдырады немесе алып тастайды.*
Ішкі бөлімінің төбесі	*Ішкі бөлімінің төбесі деп ішкі бөліктен табиғи тұтасу сызығы бойымен бөлінетін gracilis бұлшық етін айтады.* *Талшықты ұлпа мен май жиындылары алынады немесе қадырылады.*

3 – К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
	Pectineus және (немесе) sartorius бұлшық еттерін қалдырады немесе алып тастайды.
Сыртқы бөлімінің еті	*Сыртқы бөлімнің жадағай мүшесі мен жамбас өзегінің табиғи тұтасқан сызығы бойымен сыртқы бөлімнен ажыратып алады. Сыртқы бөлімнің жадағай мүшесі мен жамбас өзегіндегі барлық тері асты майы, дәнекер ұлпасы, қабықтары мен қабықшалары алынып тасталады. Glutobiceps бұлшық етіне каудальды бөлігінде орналасқан сына тәрізді бұлшық ет тұтасу сызығы бойындағы май жиылымдарын алу мақсатында бөлінуі мүмкін. Сына тәрізді бұлшық ет немесе glutobiceps бұлшық етінің бір бөлігі қалдырылады немесе алып тасталады.*
Ішкі бөлімнің еті	*Төбесіз ішкі бөлімнен барлық қабықшалары, дәнекер ұлтасы мен жамбас қан тамырлары алынып тасталғаннан кейін алынады.* *Pectineus бұлшық еті алып тасталады немесе қалдырылады.*
Жамбас	*Жамбас асықты жіліктің бүйірінде / каудальды орналасып os coxae (құйымшақ сүйегіне) бекітілген, шап терісінің қалың бөлігі мен ішкі бөлімнің табиғи тұтасқан сызығы бойымен ажырайды. Сирақтың сұрыптық жілігі қасық тарамысы мен толарсақ бұлшық етінің (gastrocnemius) байланысқан жерінен өтеді. Құйымшақ сүйегінің барлық шеміршектері алынады.* *Қасық тарамысы қалдырылады немесе алынып тасталады.* *Тақымдық лимфа түйіні қалдырылады немесе алып тасталады.*
Сыртқы бөлім	*Жамбасты толарсақ бұлшық етінен (gastrocnemius) ажыратқаннан кейін алынады. Тақымдық лимфа түйіні, жақын жерде жатқан май және дәнекер ұлпалары алынады. Тығыз дәнекер ұлпасы алынады немесе қалдырылады.*
Жамбас өзегі	*Сыртқы бөлімнен екі бұлшық еттің: сыртқы бөлімнің жадағай мүшесінің gluteobiceps бұлшық еті мен жамбас өзегінің semitendinosus бұлшық еті табиғи тұтасу сызығы бойымен ажырату жолымен алынады.*
Сыртқы бөлімнің жадағай мүшесі	*Сыртқы бөлімнен сыртқы бөлігінің жадағай мүшесін semitendinosus бұлшық етінің өзегі мен gluteobiceps бұлшық етінің сыртқы бөлігінің жадағай мүшесі арасындағы табиғи тұтасу сызығы бойынша ажырату жолымен алады.* *Құрсақ көк етінің қырындағы тығыз дәнекер ұлпа алынады немесе қалдырылады.*

3 – К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
Шаптың қалың бөлігі	*Сүйексіз құйымшақты ет бөлігі ішкі бөлік пен жамбастың табиғи тұтасқан сызығы бойымен ажырату жолымен алынады. Тізе үсті, құрамдас капсула және олардың айналасындағы дәнекер ұлпа алынады.* *Беткі фасция cutaneus trunki қалдырылады немесе алынады.*
Жая мен сан еті	*Шаптың қалың бөлігінен үстіндегі бұлшық етті (tensor fasciae latae), сонымен қатар оны қаптаған май мен қасаға сүйегінің астында орналасқан лимфа түйінінен ажыратқаннан кейін алынады.*
Кесінді	*Артқы ширектен бел омыртқаларының құрсақтық бетінен және қасаға сүйегінің бүйір жағынан бірегей кесек түрінде бөлініп алынады. Кіші белдік psoas minor бұлшық еті ажыратылмайды.* *Май қабаты қалдырылады немесе алынып тасталады.* *Қабықшалар қалдырылады немесе алынады.* *Қасаға бұлшық еті iliacus (кіші бел бұлшық етінің жанында орналасқан) қалдырылады немесе алынады.*
Кіші белдік бұлшық етсіз кесінді	*Кесінді ары қарай psoas minor кіші белдік бұлшық етінен тазартылады.*
Белдік (филей) қыры	*Артқы ширектен белдік-сегізкөз жалғанған тұста шап терісінің құрсақтық бөлігіне дейін шабылған жер. Шап терісі арқаның ұзын бұлшық етінен longissimus белгіленген қашықтықта краниальды және каудальды шетінен алып тасталады.* *Қабырғалар саны (0-3)* *Қабырғааралық бұлшық етін қалдырады немесе алып тастайды.* *Сүйек қыртысының сіңірін қалдырады немесе алып тастайды.* *Multifidus бұлшық етін қалдырады немесе алып тастайды.*
Шап терісінің жұқа бөлігі	*Шаптың беткі лимфа түйінінен басталып rectus abdominus бұлшық етін 13-қабырғаға дейін тіліп, осы қабырға бойымен құрсақтың бетіне дейін өтіп, шабу нәтижесінде артқы ширектен алынатын мүше. Құрсақ көк етінің басында орналасқан дәнекер ұлпа (linea alba) алынады.* *Беткі фасция cutaneus trunki қалдырылады немесе алынады.* *Без бен cutaneus trunci астындағы май жиылымдары қалдырылады немесе алынып тасталады.*
Шаптың мөлшерлік кесегі	*Шап терісінің жұқа бөлігінен алынады және ол rectus abdominus бұлшық етінің сірі қабықты, бұлшық еттерден ажыраған дәнекер ұлпалы жалпақ, майсыз, етті бөлігі болып табылады.*

3 – К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
Ішкі көк ет	*Ішкі көк ет (transversus abdominus бұлшық еті) артқы ширектің құрсақ қабырғасының ішкі бөлігінде орналасып, төстіктің шиыршығына дейін созылады. Құрсақ көк етінің қабыршақтары мен майлары алынады.* *Артқы және (немесе) алдыңғы ширектер қосылады немесе қосылмайды.* *Сыртқы қабықшасы алынады немесе қалдырылады.*
Шаптың ішкі бөлігі	*Шаптан алынады және ол obliguus abdominus бұлшық етінің едәуір қалың бөлігі болып табылады. Бүкіл көзге көрінетін май алынады.*
Жіңішке көк ет	*Жіңішке көк ет көк еттің қабырғалық бұлшық ет бөлігі болып табылады. Майсыз қызыл құрсақ бұлшық етін қаптамайтын барлық ақ сіңір ұлпасы алынып тасталады.* *Сыртқы май мен қабыршақтар алынады немесе қалдырылады.*
Қалың көк ет	*Көк еттің бел бөлігіндегі қалың көк ет. Барлық дәнекер ұлпа, қабықшалар мен май алынады.*
Құйымшақты ет бөлігі	*Мықыннан tensor fasciae latae (құйрық) бұлшық етін gluteus medius және tensor fasciae latae бұлшық еттерінің байланысқан тұсында алып тастау жолымен, gluteus medius бұлшық етін шамамен 25 мм жалаңаштап, құйымшақты бөліктің бүйір жағына бекітілген tensor fasciae latae бұлшық етінің бір бөлігі қалдырылған сұрыптық мүше түрінде алынады.* *Тығыз дәнекер ұлпасы алынады немесе қалдырылады.*
Мықын	*Алдыңғы ширектен жая мен сан етінің үстіндегі tensor fasciae latae бұлшық етінің каудальды шетінен басталып, тұтасудың табиғи сызығы бойымен guadriceps бұлшық еттер тобының негізіне дейін өтетін кесу арқылы алады. Сұрыптық шабынды жамбас ұясының краниальды нүктесінен мықынның дорсальды шетіндегі шонданай лимфа түйініне дейін жүргізіледі. Белдік (краниальды) белдік-сегізкөз жалғанған тұста ұршық төмпешігіне краниальды бағытта шаптың құрсақ бөлігіне дейін түзу сызық бойымен шабу арқылы бөлінеді.* *Тығыз дәнекер ұлпасы алынады немесе қалдырылады.*
Мықын өзегі	*Мықыннан барлық бұлшық еттер тобын алғаннан кейін алынады, мұнда мықын өзегі ретінде тек gluteus medius бұлшық етінің бөлігін қалдырады.* *Тығыз дәнекер ұлпасы алынады немесе қалдырылады.*
Мықын төбесі	*Мықыннан tuicti gluteobiceps бұлшық етін тұтасудың табиғи сызығы бойымен ажырату арқылы алынады.* *Май алынады немесе қалдырылады.* *Қабықша алынады немесе қалдырылады.*

3 – К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
Үштік төбе	*Құйымшақты бөліктің төменгі қырының үшбұрышы (үштік төбе), ол мықыннан tensor fasciae latae және gluteus medius бұлшық еттерінің арасындағы табиғи тұтасу сызығы бойымен ажыраған tensor fasciae latae (үшбұрышты бұлшық ет) бұлшық етінің бөлігі болып табылады.* *Май қабаты алынады немесе қалдырылады.* *Дәнекер ұлпасы алынады немесе қалдырылады.*
Төстік	*Сүйекті төстіктен барлық сүйектері мен шеміршектерінен ажыратқаннан кейін алынады. Төс бұлшық еттеріне медиальды (ортаға жақын) орналасқан май ұлпасы алынып тасталады. Құрсақ көк етінің шетіндегі ақ талшықты ұлпаны (linea alba) алып тастайды.* *Қабырғалар саны (10-13)* *Қабырғааралық бұлшық етін қалдырады немесе алып тастайды.* *Көк етін қалдырады немесе алып тастайды.* *Құрсақ шандырын қалдырады немесе алып тастайды.* *Ішкі көк етін (transversus abdominus бұлшық еттері) қалдырады немесе алып тастайды.*
Декельсіз төстік	*Төстіктен май және қабырғааралық бұлшық еттерінің жанында орналасқан декельді тұтасудың табиғи сызығы бойымен толығымен алып тастау арқылы алынады. Ішкі көк ет (transversus abdominus бұлшық еттері) пен шыршықтың ақ талшықты ұлпасын (linea alba) алып тастайды. Егер басқа әрекет тәсілі көрсетілмеген болса, беткі фасция (cutaneus trunci бұлшықеті) алынады.* *Қабырғалар саны (10-13).* *Беткі фасция (cutaneus trunci) алынады немесе қалдырылады.*
Декельсіз төстік қыры	*Төстіктен белгіленген қабырғаның каудальды жиегі бойымен шыршықты алып тастау арқылы алынады. Декель төстік қырынан онда орналасқан май мен қабырғааралық бұлшық еттерімен қоса, тұтасудың табиғи сызығы бойымен ажыратылады. Төс бұлшық еттері арасындағы май ұлпасы толығымен алынады.* *Талап етілетін қабырғалар саны (4-7).* *Беткі фасция (cutaneus trunci) алынады немесе қалдырылады.*
Сүйексіз «спенсер» рулеті (дөңгелек)	*Алдыңғы ширектен төстігі мен тік бұрыштап бөлінген жауырын бөлігін ажыратқаннан кейін алады. Қырлы жиекті қабырғалар бітімдерімен бірге longissimus dorsi (арқаның ұзын бұлшық еті) бұлшық етінен белгіленген қашықтықта бөледі. Қабырғааралық бұлшық еттер алынып тасталады.* *Талап етілетін қабырғалар саны (5-9).* *Ligamentum nuchae (желке тарамысы) алынады немесе қалдырылады.*

3 – К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
Арқа етінен алынған рулет	*Алдыңғы шректен алынады, ол арқаның ұзын бұлшық етінен (longissimus dorsi) және онымен байланысқан, қабырғалардың дорсальдық бөліктерінің астында орналасқан (4-тен 13-ші қабырғалардың каудальды шеті) бұлшық еттерден тұрады.* *Талап етілетін қабырғалар саны ((4-8).* *Illocostalis бұлшық еті алынады немесе қалдырылады.*
Жауырын етінен алынған рулет (сүйексіз)	*Сүйекті тік бұрыштап бөлінген жауырын бөлігінен алынады. Құрсақ бөлігіндегі кесінді longissimus dorsi (арқаның ұзын бұлшық еті) бұлшық етінен шамамен 75 мм қашықтықта және бірінші қабырға тұсында омыртқа жотасына параллель өтеді. Rhomboideus бұлшық еті алынып тасталады, ал subscapularis (мілінген) бұлшық еті мүшеге берік бекітіліп қалады. Егер басқа әрекет тәсілі көрсетілмеген болса, trapezius бұлшық еті алынып тасталады.* *Талап етілетін қабырғалар саны (4-8).* *Кесіндінің краниальдық сызығы:* *– 6-шы және 7-ші мойын омыртқалары арасында.* *– 7-ші мойын және 1-ші төс омыртқалары арасында.* *Желке тарамысы алынады немесе қалдырылады.* *Subscapularis бұлшық еті (мілінген) алынады немесе қалдырылады.*
Жауырын етінен алынған ұзынша тілінген дөңгелек (сүйексіз)	*Жауырындық алдыңғы шректен төстік пен дайындалған қабырғалық бөлікті алып тастау жолымен алынады. Құрсақ бөлігіндегі кесу сызығы longissimus dorsi (арқаның ұзын бұлшық еті) бұлшық етінен шамамен 75 мм қашықтықта және омыртқа жотасына параллель өтеді. Мойын бөлігі 3-ші және 4-ші мойын омыртқаларының арасымен бөлінудің каудальды сызығына параллель өтетін сұрыптық мүше түрінде бөлінеді. Trapezius және rhomboideus бұлшық еттері алынып тасталады, ал subscapularis (мілінген) бұлшық еті егер әрекет етудің басқа тәсілі көрсетілмеген болса, мүшеге берік бекітілген күйінде қалады.* *Trapezius алынады немесе қалдырылады.* *Желке тарамысы алынады немесе қалдырылады.* *Subscapularis бұлшық еті (мілінген) алынады немесе қалдырылады.*
Жауырын етінің өзегінен алынған дөңгелек	*Жауырын етінің дөңгелегінен serratus ventralis бұлшық етінің бөлігін құрсақ көк етінің жиегінен шамамен 75 мм қашықтықта, омыртқа жотасына параллель өтетін кесіндімен ажырату арқылы алынады .* *Желке тарамысы алынады немесе қалдырылады.*

3 – К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
Мойын бөлігі	*Мойын бөлігінен сүйегімен бірге алынады. Егер басқа әрекет тәсілі көрсетілмеген болса, сүйектер, шеміршек, жалаңаштанған сіңірі мен желке тарамысын алып тастайды.*
Беткі фасция (қызғылт) - тығыз дәнекер ұлпасынан тұратын бұлшық ет қабы	*Ұшаның сыртқы бетіндегі қара еттің жұқа қабаты, астындағы майды ажырату жолымен алып тасталады. Ең қалың бөлігі алынады немесе қалдырылады.*
Жауырын бөлігінің шошағы	*Алдыңғы ширектен алынады, ол жауырын және мойын бөліктерінің дорсальды қырында орналасқан rhomboideus бұлшық етінің негізгі бөлігі болып табылады.*
Алдыңғы бөліктің жұмсақ еті	*Жауырын жотасының краниальды жағындағы жауырын сүйегінің бүйірінде орналасқан конус тәрізді бұлшық ет болып табылады. Май қабаты алынады. Дәнекер ұлпадан тұратын қабық алынады немесе қалдырылады.*
Сүйекті жауырын бөлігі	*Жауырыннан, жауырын негізінен, жауырынның жұмсақ етінен, кесілген жауырыннан және алдыңғы бөліктің жұмсақ етінен тұрады.*
Құйымшақты бөліктегі мүшелер жиынтығы	*Құйымшақты бөлік сұрыптық мүшелерден тұрады:* *– бөксенің ішкі бөлігі* *– жамбас – бөксенің сыртқы бөлігі* *– қалың шап – жая мен сан*
Жауырын (жауырын бөлігінің жұмсақ еті)	*Алдыңғы ширектен қабырғалар мен lattisimus dorsi, trapezius (үстіңгі бұлшық ет) және serratus ventralis (астыңғы бұлшық ет) бұлшық еттерді арасындағы табиғи тұтасу сызығы бойымен ажырату арқылы алынады. Жауырын тоқпақ жілікке каудальды, әрі жауырындық бөлік сүйегінің астында орналасқан, құрамына үшбасты бұлшық еттің едәуір бөлігі кіреді.* *Subscapularis бұлшық еті (тілінген) алынады немесе қалдырылады.* *Сіңірі мен иық буыны алынады немесе қалдырылады.*
Жауырын негізі	*Жауырыннан тоқпақ жілікке каудальды орналасқан infraspinatus және trapezius бұлшық еттерін ажырату арқылы алынады. Жауырын негізіне үшбасты бұлшық еттер тобының едәуір бөлігі кіреді.* *Беткі фасция (cutaneus trunci) алынады немесе қалдырылады.* *Latissimus dorsi бұлшық еті алынады немесе қалдырылады.*

3 – К е с т е н і ң с о ң ы

Мүшелердің атауы	*Мүшелердің бөліну шекаралары*
Жауырынның жұмсақ еті	*Жауырыннан жауырын негізін infraspinastus бұлшық етінен табиғи тұтасу сызығы бойымен ажырату жолымен алынады.* *Trapezius бұлшық еті алынады немесе қалдырылады.* *Сүйек қыртысы алынады немесе қалдырылады.*
Кесілген жауырын	*Жауырын сүйегінің орта бөлігінен subscapularis бұлшық етін ажырату арқылы алынады. Бұл бұлшық ет үш бөліктен тұрады және қойылған талаптарға сай тазартылады.*
Алдыңғы/артқы ширектердің жіліншіктері	*Алдыңғы және артқы сирақ бұлшық еттерінен алынады, дәлірек жазылдырғыш және бүгілдіргіш бұлшық еттер. Сонымен қатар, жіліншікке gastrocnemius бұлшық еті (жамбастың толарсақ бұлшық еті) кіреді.* *Дәнекер ұлпасы мен терісі алынады немесе қалдырылады.* *Сіңір тарамыстары алынады немесе қалдырылады.*
Толарсақ бұлшық еті	*Жамбастан gloteo biceps бұлшық етін ажырату жолымен алынады. Толарсақ бұлшық еті gastrocnimius және flexor superficialis бұлшық еттерінен тұрады. Екеуі де қалдырылуы тиіс. Дәнекер ұлпасы алынады немесе қалдырылады.*

5.2.10 Микробиологиялық көрсеткіштер, уытты элементтер, антибиотиктер, пестицидтер, радионуклидтер құрамы бойынша сиыр еті тағам өнімдерінің қауіпсіздігі мен тағамдық құндылығына қойылатын гигиеналық талаптарға сай болуы тиіс [3]. Органолептикалық көрсеткіштері бойынша (сыртқы түрі, түсі, иісі, консистенциясы) ҚР СТ 1731 талаптарына сай болуы керек.

5.2.11 Импортпен келген сиыр етін енгізуге ветеринарлық қадағалаудың уәкілетті органы рұқсат еткен және ҚР СТ 1.60 бойынша әзірленген сиыр етін сату келісім-шартына сәйкес өндірушінің спецификациясы бойынша пайдалануға рұқсат етіледі.

5.3 Шикізатқа қойылатын талаптар

5.3.1 Сиыр етін өндіру үшін 4.1 сәйкес сойыс малын пайдаланады.

5.3.2 Сойыс малы [4] ережелеріне сай болуы тиіс. Оларды күтіп-бағу және бордақылау арнайы агрономиялық, зоогигиеналық және ветеринарлық талаптарын сақтайтын мамандандырылған және жеке шаруашылықтарда жүзеге асырылуы тиіс.

5.3.3 Сиыр еті үнемі тағам қауіпсіздігіне және тағам өнімдерінің инспекциясына қатысты заңдылық күші бар нормаларға сай қызмет етуші кәсіпорындарда сойылған малдан алынуы тиіс.

5.4 Таңбалау

5.4.1 Сиыр еті белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжаттарға, сонымен қатар [5] сәйкес таңбалануы тиіс.

5.4.2 Сиыр еті жайлы тұтынушыға арналған ақпарат ҚР СТ 1010 және 5.3.1 тармақшасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілінде жазылуы керек.

5.4.3 Мемлекеттік ветеринарлық қызметтің мөрі немесе белгісі қойылған етті ғана тауарлық белгімен таңбалайды.

5.4.4 Көліктік таңбалау - ҚР СТ 1406, ГОСТ 14192 бойынша «Тез бұзылатын жүк», «Температуралық шектеу» секілді арнайы белгі салынып жүзеге асырылады.

5.5 Буып – түю

5.5.1 Қаптама (немесе алдын-ала буып-түю) - өнімнің тағам өнімдері үшін жарамды сапалы материалдарды пайдалана отырып, буып-түйілген алғашқы орауы. Екінші (сыртқы) орамасында бірінші буып-түюден өткен, қапталған өнімдер болады. Сақтау және тасымалдау кезінде ет келесі ең төменгі талаптарға сай буып-түйілуі тиіс:

1) ұшалар, жартылай ұшалар және ширек ұшалар:

– жас ет, буып-түюсіз;

– буып-түйілген немесе буып-түйілмеген суыған және салқындатылған;

– өнімдерді қорғайтын орамада мұздатылған / қатты қатырылған.

2) мүшелер – салқындатылған:

– жеке буып-түйілген;

– жаппай буып-түйілген (пластмасса немесе балауызбен тетіктелген қатты қағаз контейнерлерде);

– вакуумда буып-түйілген;

– модификацияланған атфосферада буып-түйілген;

– басқа да өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін сақтайтын тәсілдермен буып-түйілген.

3) мүшелер – мұздатылған / қатты қатырылған:

– жеке буып-түйілген;

– жаппай буып-түйілген (пластмасса немесе балауызбен тетіктелген қатты қағаз контейнерлерде);

– вакуумда буып-түйілген;

– басқа да өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін сақтайтын тәсілдермен буып-түйілген.

5.5.2 Қаптама бірліктерінде және қаптамада буып-түйілген тауар партияларындағы ет мөлшері ГОСТ 8.579 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

6 Қауіпсіздік талаптары

Сиыр етіне микробиологиялық талдау жүргізу барысында, санитарлық ережелерге сай [6] қауіпсіздік талаптарын орындау қажет.

7 Қабылдау ережелері

7.1 Сиыр етін партиямен қабылдайды. Партия деп бір мезетте тапсыру-қабылдауға жіберілген, қалыптасқан нысандағы бір ветеринарлық құжатпен, сондай-ақ бір сапа және қауіпсіздік құжатымен рәсімделген, өндірілу уақыты бір, бірдей термикалық өңдеуден

өткен, атауы бір мүшелердің және ширек ұша, жартылай ұша, бүтін ұшалардың кез-келген санын айтады.

Сапа және қауіпсіздік куәлігінде төмендегі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

– куәліктің реттік саны мен берілген күні;
– дайындаушы мекеменің атауы;
– мүшенің атауы;
– дайындалған күні;
– партияның реттік саны;
– өнімнің жарамдылық мерзімі;
– өнімді сақтау шарттары;
– ағымдағы бақылау нәтижелері;
– осы стандарттың белгіленуі;
– сәйкестігін растайтын ақпарат.

7.2 Ұшаларды, жартылай ұшаларды, ширек ұшаларды және жіліктерді осы стандартта белгіленген талаптарға, сонымен бірге ҚР СТ 1729 сай қабылдайды.

7.3 Ұшалардың, жартылай ұшалардың, ширек ұшалардың және мүшелердің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау үшін сиыр еті партиясының әр жерінен партияға кіретін бүтін, жарты, ширек ұшалардың және мүшелердің жалпы санынан 3 % мөлшерде сынама іріктеледі. Іріктелген үлгілерден физика-химиялық және микробиологиялық зерттеу жүргізу үшін 3 кг кем емес мөлшерде біріккен сынама құрайды.

7.4 Органолептикалық көрсеткіштерді әр партияда, сондай-ақ бақылаушы мекемелердің немесе тұтынушының талабымен анықтайды.

7.5 Уытты элементтер, антибиотиктер, пестицидтер, радионуклидтер және гормональды дәрі-дәрмектер, сонымен қатар микробиологиялық көрсеткіштер кезеңділікпен бақыланады.

Кезеңділікті өндіруші Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметімен келісіп белгілейді. Сынақ белгіленген тәртіппен акредиттелген (аттестатталған) зертханаларда кемінде 60 күнде бір реттік, ал микробиологиялық көрсекіштер бойынша кемінде 30 күнде бір реттік кезеңділікпен жүргізілуі тиіс.

7.6 Бақыланатын көрсеткіштердің қайсысынан болмасын қанағатсызданарлық нәтиже алған жағдайда, сол партиядан екі еселенген сынама алынып, қайталап өлшеу жүргізіледі. Қайталап өлшеудің нәтижелері бүкіл партияға таралады.

7.7 Сапа туралы куәліктегі мәліметтер, сынақтың түрлері мен кезеңділігі тұтынушымен жасалған өнімді сатуға арналған келісім-шартқа сәйкес басқа болуы да мүмкін.

7.8 Тұтынушы мен дайындаушы арасында сиыр етінің сапасы мен қауіпсіздігі жөнінде келіспеушілік туындаған жағдайда, арбитраждық талдауды бекітілген тәртіп бойынша, аккредиттелген мекеме (зертхана) сәйкестікті кез-келген жақ (сатушы, тұтынушы) растау үшін [7] бойынша жүзеге асырады.

8 Бақылау әдістері

8.1 Салмағын анықтау.

8.1.1 Бүтін, жартылай, ширек ұшалардың және мүшелердің нақты салмағын рұқсат етілген өлшеу ақауы ± 0,1 %, ГОСТ 29329 бойынша статикалық өлшеуге арналған таразыларда өлшейді.

8.2 Температураны өлшеу

8.2.1 Аспап

Термикалық күйін, МЕМСТ 28498 бойынша өлшеу ақауы ± 0,5 °С темір қапсырмаға салынған шыны спиртті термометрмен анықтайды.

8.2.2 Өлшеу жүргізу

Жас, суыған, салқындатылған, мұздатылған және қатты қатырылған сиыр етінің температурасын сан бөлігіндегі бұлшық етінің кемінде 6 см терендігінде өлшейді.

Мұздатылған еттің температурасын мұздату үрдісі біткеннен кейін 1 және 6 см тереңдікте, ал сақтау үрдісі барысында кемінде 6 см тереңдікте өлшейді.

Тексеру нәтижесі ретінде өлшенген температуралардың орташа арифметикалық мәнін алады (бес реттен кем емес өлшеу жүргізіледі).

Өлшеулер арасындағы аутқушылық 0,5 % аспауы тиіс.

8.3 Сынамаларды іріктеу және сынаққа дайындау ҚР СТ 1729, ГОСТ 26670, ГОСТ 26929, ГОСТ Р 51448 және [8] бойынша жүргізіледі.

8.4 Еттің балғындығын анықтауда қайшы пікір туындаған жағдайда үлгілердің сынамасын ГОСТ 7269, ГОСТ 23392, ГОСТ 19496 бойынша іріктейді және сынақ жүргізеді.

8.5 Ылғалдылықтың салмақ үлесін ҚР СТ 1484 және [9] бо*йынша анықтайды.*

8.6 Ақуыздың салмақ үлесі ГОСТ 25011 бойынша анықталады.

8.7 Жалпы майдың салмақ үлесі ҚР СТ 1485, ГОСТ 23042 және [10] бойынша анықталады.

8.8 Ішек таяқшалары тобының бактерияларын (колиформды бактериялар) МЕМСТ 30518, ГОСТ Р 50474 бойынша тауып, анықтайды.

8.9 Микробтық ластануды қоздырушылар және патогенді микроағзалар:

- мезофильды аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалардың санын МЕМСТ 10444.15 және [11] бойынша анықтайды.
- Salmonella туысты бактериялары МЕМСТ 30519, ГОСТ Р 50455 бойынша анықталады.

8.10 Сиыр етіне бактериологиялық зерттеу ГОСТ 21237 бойынша жасалады.

8.11 Жалпы фосфорды ГОСТ 9794 бойынша анықтайды.

8.12 Уытты элементтерді ГОСТ 26927, ГОСТ 26930, ГОСТ 26932, ГОСТ 26933 бойынша анықтайды.

8.13 Антибиотиктер, пестицидтер, радионуклидтердің қалдық мөлшері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары бекіткен тәртіппен және нормативті құжаттар бойынша анықталады.

8.14 Сынау әдістерін орындауда қолданылатын өлшеу құралдары ҚР СТ 2.21 сәйкес түрін бекіту туралы немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрлогиялық аттестатталуы туралы сертификаты болуы және Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесінің тізілімінде тіркелуі, сонымен қатар ҚР СТ 2.4 сәйкес салыстырып тексерілуі тиіс.

9 Тасымалдау және сақтау

9.1 Сиыр еті көліктің барлық түрімен, сол көлік түріне қолданылатын тез бұзылатын жүктерді тасу ережелерін сақтай отырып [12] сәйкес тасымалданады.

9.2 Сиыр еті қалыптасқан тәртіппен бекітілген етті сақтау ережелеріне [12] сай сақталады. *Жібергенге дейінгі сақтау шарттары мен тасымалдауға пайдаланған құрал-жабдықтар еттің физикалық, әсіресе, термикалық күйіне (яғни салқындатылған, модификацияланған атмосферада салқындатылған, мұздатылған немесе қатты қатырылған) сай болуы тиіс.*

9.3 Сиыр етінің салқындатылған, мұздатылған, қатты қатырылған күйінде сақталу мерзімінің шегі мен сақтау камераларындағы ауаның параметрлері 4 - кестеде берілген.

9.4 Өңдеудің және буып-түюдің жаңа технологиялары енгізілген жағдайда, еттің сапасы мен қауіпсіздігі осы стандарт талаптарына сәйкестігі расталған жағдайда, сақталу мерзімі [13] сәйкес бекітілген тәртіппен ұзартылуы мүмкін.

4 – К е с т е Сиыр етін сақтау камераларындағы ауа параметрлері және жарамдылығының шекті мерзімі

Еттің термикалық жағдайлары	Етті сақтау камерасының ауа параметрлері		Тасымалданғаннан кейінгі сақтау мерзімі, көп емес.
	температурасы, °С	салыстырмалы ылғалдылығы, %	
Салқындатылған сиыр етінің жарты ұшалары мен ширек ұшалары (ілінген)	минус 1	85	16 тәулік
Мұздатылған сиыр етінің жарты ұшалары мен ширек ұшалары (штабель немесе ілінген)	минус 2	90	20 тәулік
Терең қатырылған сиыр етінің жарты және ширек ұшалары (штабель)	минус 12 минус 18 минус 20 минус 25	95-98 95-98 95-98 95-98	8 ай 12 ай 14 ай 18 ай

9.5 Сиыр етін таңбалау, буып-түю, тасымалдау және сақтау ҚР СТ 1728 сәйкес жүзеге асырылауы тиіс.

10 Дайындаушының кепілдемесі

Дайындаушы сиыр етінің осы стандарт талабына сәйкес болуына тұтынушы сақтау және тасымалдау шарттарын орындаған жағдайда ғана кепілдік береді.

Қосымша
(анықтамалық)

Библиография

[1] 08 сәуір, 2008 ж ҚР Үкіметінің № 336 шешімімен бекітілген	Техникалық регламент «Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздік талаптары»
[2] ЕЭК БҰҰ стандарты	"Сиыр еті – ұшалар мен мүшелер" 2003 ж. TRADE/WP.7/GE.11/12
[3] СанЕжН 4.01.071-03	«Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі мен тағамдық құндылығына қойылатын гигиеналық талаптар» Санитарлық ережелер мен нормалар
[4] Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылдың 31 қазандағы № 531 бұйрығымен бекітілген.	Сойыс малын сою алдында ветеринарлық тексеру және ет пен ет өнімдерін ветеринарлық-санитарлық сараптау ережелері
[5] Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылдың 19 наурызындағы № 140 бұйрығымен бекітілген	Етті ветеринарлық таңбалау туралы ережелер
[6] СЕ 1.2.006-93	Микроағзалармен қауіпсіз жұмыс істеудің санитарлық ережелері
[7] Қазақстан Республикасының Заңы	«Техникалық реттеу туралы»
[8] ИСО 3100-1-91*	Ет және ет өнімдері. Сынамаларды сынау үшін іріктеу және дайындау. 1 бөлім. Сынама іріктеу
[9] ИСО 1442-97*	Ет және ет өнімдері. Ылғалдылықты анықтау. Эталондық әдіс.
[10] ИСО 1443:1973*	Ет және ет өнімдері. Жалпы майды анықтау әдісі.
[11] ИСО 2293:1976*	Ет және ет өнімдері. 30 °С температурада аэробты микроағзалардың санын анықтау (арбитраждық әдіс)
[12] СаН ЕжН 4.01.060.02	Тез бұзылатын тағам өнімдерін сақтау мен сату мерзімі шарттарына қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар
[13] СанЕжН 4.01.056-2001	Тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімін гигиеналық бағалау

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

ӘОЖ 6367.4 **МСЖ 67.120.10** **ЭҚТӨЖ 15.11.11**

15.11.12

Негізгі сөздер: союға арналған ірі қара мал, сиыр еті, ұшалар, жартылай ұшалар, ширек ұшалар, мүшелер, қоңдылық санаттары

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГОВЯДИНА

Технические условия

СТ РК 1759-2008

Издание официальное

**Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 **РАЗРАБОТАН** Казахским Национальным аграрным университетом

ВНЕСЕН Министерством сельского хозяйства Республики Казахстан

2 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** приказом председателя Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 19 сентября 2008 г. № 479-од

3 Настоящий стандарт в части:
- терминологии (3.1 – 3.8; 3.11 – 3.14)
- классификации (4.2-4.4)
- требований к разделке (5.2.3 – 5.2.9)
- требований к сырью (5.3.3)
- требований к упаковке (5.5)
- требований к оборудованию, пригодному к хранению и транспортированию мяса (9.2)

соответствует международному стандарту ЕЭК ООН "Говядина – туши и отрубы", TRADE/WP.7/GE.11/12 Нью-Йорк, Женева, 2004

- методов отбора проб соответствует ИСО 3100-1-91
- определения содержания влаги - ИСО 1442-97
